



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-21/259 от: 11.03.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары, «Халық
коммунистері» партиясы
фракциясының мүшелеріне**

*2017 жылғы 26 қаңтардағы
№ ДС-18*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің киіктердің жаппай қырылу себептерін анықтау бойынша жұмысты жандандыруға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Қостанай, Ақмола және Ақтөбе облыстарында киіктердің қырылу себептерін анықтау үшін Премьер-Министрдің өкімімен 2015 жылы құрылған ведомствоаралық жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) Қазақстанның, Англияның, Германияның, Ресей Федерациясының, «FAO» БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының, Халықаралық эпизоотологиялық бюроның ғылыми ұйымдарын, мамандандырылған зертханалары мен сарапшыларын тартып, тиісті зерттеулер жүргізді.

Жұмыс тобының ресми қорытындысы бойынша киіктердің өлу себебі – пастереллез болғаны анықталды.

Дегенмен бүгінгі таңда дүние жүзінде киіктердің жұқпалы ауруларының алдын алу жөнінде іс жүзінде қолданылатын әдістер жоқ.

Осыған байланысты республикалық ғылыми ұйымдар киіктер таралымын сақтау бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар және Жол картасын (қадамдық жоспар) жасады, олар 2015 жылы Білім және ғылым министрлігі жанында құрылған жұмыс тобының шешімімен мақұлданды. Жол картасында өлу себептерін зерделеуді, жұқпалы және инвазиялық сипаттағы аурулардың киіктер таралымына әсер етуін қоса алғанда, этиологиясы әртүрлі жұқпалы аурулар қоздырғыштарын анықтау бойынша киіктердің кешенді эпизоотологиялық мониторингіне бағытталған іс-шараларды орындау көзделген.

Осыған байланысты Жол картасында көзделген іс-шараларды өткізуге республикалық бюджеттен шамамен 516,0 млн. теңге мөлшерінде қаржыландыру қажет болғандықтан, бұл мәселе белгіленген тәртіппен 2017 жылғы III-тоқсанда Республикалық бюджет комиссиясының (бұдан әрі – РБК) қарауына шығарылатын болады.

Осылайша, РБК оң шешім қабылдаған жағдайда, Жол картасын іске асыру киіктер таралымын сақтау үшін кешенді іс-шаралар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Б. Сағынтаев



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-21/259 от: 11.03.2017

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
членам фракции партии
«Народные коммунисты»**

На № ДС-18 от 26 января 2017 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно активизации работы по выяснению причин массового падежа сайгаков, сообщаю следующее.

Межведомственной рабочей группой (далее – рабочая группа), созданной в 2015 году распоряжением Премьер-Министра для выяснения причин гибели сайгаков в Костанайской, Акмолинской и Актюбинской областях, были привлечены научные организации, специализированные лаборатории и эксперты Казахстана, Англии, Германии, Российской Федерации, Продовольственной и сельскохозяйственной организации ООН (FAO) и Международного эпизоотического бюро и проведены соответствующие исследования.

Согласно официальному заключению рабочей группы установлена причина гибели сайгаков – пастереллез.

При этом, на сегодняшний день в мире отсутствуют практически применимые методы по предупреждению инфекционных заболеваний сайгаков.

В этой связи, научными организациями республики разработаны научно-обоснованные рекомендации и Дорожная карта (пошаговый план) по сохранению популяции сайгаков (далее – Дорожная карта), которые одобрены решением рабочей группы, созданной в 2015 году при Министерстве образования и науки. В Дорожной карте предусмотрены мероприятия, направленные на проведение комплексного эпизоотологического мониторинга сайгаков для выявления возбудителей

инфекций различной этиологии, включая изучение причин гибели, влияния болезней инфекционной и инвазионной природы на популяцию сайгаков.

В связи с тем, что проведение мероприятий, предусмотренных Дорожной картой, требует финансирования в объеме порядка 516,0 млн. тенге из республиканского бюджета, данный вопрос в установленном порядке будет вынесен на рассмотрение Республиканской бюджетной комиссии (далее – РБК) в III квартале 2017 года.

Таким образом, при положительном решении РБК реализация Дорожной карты позволит разработать комплексные мероприятия для сохранения популяции сайгаков.

Б. Сагинтаев